аудандық қоғамдық - саяси газет
районная общественно - политическая газета

# Алтын астық

19 тамыз - август 2024 год eginredakciya.kz № 31 (605)

**Егиндыколь спортивный**

## Праздник спорта в Егиндыколе



Традиционно третье воскресенье августа в Казахстане отмечено Днем спорта. В этот день проводятся масштабные спортивные мероприятия для любителей физической культуры и спорта, отмечаются заслуги и вклад тех, кто посвящает этой сфере жизнь, будь то спортсмены-профессионалы, защищающие честь флага на международных турнирах или же любители спорта на соревнованиях регионального уровня, тренеры, вкладывающие время и душу в воспитание чемпионов, учителя физической культуры и сотрудники спортивных организаций.

С целью напомнить о роли молодых людей в развитии и построения мира, в этом году отмечается Международный День молодежи в рамках национальной декады «Вместе с молодежью».

Не стало исключением проведение этого мероприятия и в Егиндыкольском районе. На центральном стадионе села Егиндыколь прошли торжественные мероприятия, посвященные празднованию Дня спорта.

В приветственном слове аким Егиндыкольского района Юрий Курушин отметил важность занятий физкультурой и спортом, поздравив всех с праздником. Подчеркнул, что в районе восстанавливается материально-техническая база спорта, за счет частных средств ТОО «СХП Шарафутдинов и К» запущен в действие спортивный объект с большим спортивным залом для игровых видов спорта, фитнес залом, залами для настольного тенниса и бильярда. За счет средств областного бюджета в селе Егиндыколь и Тоганас построены современные игровые спортивные площадки для мини-футбола с искусственным газоном.

На базе общеобразовательной школы №2 села Егиндыколь открыт интеллектуальный клуб для занятий шахматами, шашками и тогыз кумалаком. Ежегодно проводятся ремонты спортивных залов в общеобразовательных школах района, приобретается инвентарь. В трех селах района – Егиндыколь, Полтавское и Коржынколь работают спортивные секции по настольному теннису и волейболу по программе «Арт спорт».



Государственный флаг Республики Казахстан поднимал почетный житель Егиндыкольского района, уроженец села Жалманкулак, мастер спорта международного класса по боксу Ильяс Сулейменов и лучшие спортсмены района.



Благодарственными письмами управления физической культуры и спорта Акмолинской области в честь Дня спорта были награждены:

Шарафутдинов Игорь Шамильевич – директор ТОО «СХП Шарафутдинов и К»;

Айткожин Талгат Жаманович – глава крестьянского хозяйства «Сункар».

За достигнутые результаты в работе, профессионализм и верность профессии медалью управления физической культуры и спорта Акмолинской области награжден Шевцов Владимир Викторович – главный специалист отдела внутренней политики, культуры, развития языков и спорта.

За вклад в развитие физической культуры и спорта в районе, широкую пропаганду спорта и физкультурно-оздоровительного движения благодарственными письмами акима района награждены: Аханов Сатбай Мусинович, длительное время возглавлявший Егиндыкольскую ДЮСШ;

Турсынбаев Нурсултан Куатович – директор Егиндыкольской ДЮСШ; Папенов Олег Викторович – тренер Егиндыкольской ДЮСШ по волейболу;

Султанов Берик Серикович – начальник Пожарной части №25 села Егиндыколь Егиндыкольского района;

Нуркишев Зейнулла Сактаевич – учитель физической культуры общеобразовательной школы села Коржынколь; Алпыс Арғын Қойлыбайұлы – учитель физической культуры основной средней школы села Тоганас.

За активную жизненную позицию, широкую пропаганду здорового образа жизни и физкультурно-оздоровительного движения грамотами руководителя отдела внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Егиндыкольского района награждены лучшие спортсмены 2024 года:

Цимерман Вольдемар, Суровцева Диана, Квиткина Алена – чемпионы области по конькобежному спорту и по шорт-треку в личном и командном зачете зимней областной спартакиаде «Хрустальный колос-2024»,

Хисматулин Михаил – капитан команды Егиндыкольского района по хоккею с шайбой,

Саттар Ерсултан – бронзовый призер областной зимней спартакиады «Хрустальный колос-2024» по хоккею с мячом, Теплов Кирилл – вратарь команды Егиндыкольского района по хоккею с мячом и футболу, Бронзовый призер областной зимней спартакиады «Хрустальный колос-2024» по хоккею с мячом;

Осланов Алишер – тренер Егиндыкольской ДЮСШ по футболу, пропагандист бега на различные дистанции, активный участник «QAZAQ MARATHON в городе Семей» и «Astana Half Marathon» в городе Астана, Двойнишников Константин – капитан мужской сборной команды Егиндыкольского района по волейболу, активный участник всех мероприятий в областном масштабе;Бутрамьев Константин – член сборной команды Егиндыкольского района по баскетболу, активный участник областных комплексных спартакиад по видам спорта, Губич Юрий и Губич Анастасия – капитаны команд Егиндыкольского района по баскетболу, активные пропагандисты физической культуры и спорта на селе, Амирханова Адилия и Эйхвальд Екатерина – лучшие игроки сборной команды Егиндыкольского района по волейболу.

Для всех присутствующих, танцевальный коллектив районного дома культуры представил очень красивый национальный танец.

А теперь о самих соревнованиях, в которых участвовали спортсмены всех сел и сельских округов района.

Волейбол: 1 место заняла команда

*продолжение на стр.8*

## Ақмола облысында 200-ден астам қызметшінің құқықтары қорғалды

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментімен мемлекеттік қызметшілердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бөлігінде 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметінің қорытындысы шығарылды.

Мәселен, талданып отырған кезеңде Департамент жүргізілген тексерулер мен өтініштерді қарау қорытындылары бойынша 44 мемлекеттік қызметшінің құқықтарын қорғады және қалпына келтірді, олардың басым бөлігі мемлекеттік органдарда профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша – 39 және 5 жоспардан тыс тексерулер мен азаматтардың өтініштері бойынша.

Мысалы, Жақсы ауданының жергілікті атқарушы органдарының бірінің дербес бөлімі басшысының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурсқа қатысушының өтініші негізінде Департамент тексеру жүргізді, оның барысында конкурстық іріктеу рәсімдерінің бұзылуы анықталды, конкурс қорытындылары жойылды, ал кінәлі тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Басқа жағдайда, қызметші тәртіптік жаза қолдану туралы актіге шағымданды, жүргізілген тексерудің қорытындылары бойынша Департамент анықталған бұзушылықтарды жою және заңсыз шығарылған актінің күшін жою туралы орындауға міндетті нұсқама енгізді.

Айта кету керек, Департамент талдау жұмыстарын жүргізуге көп көңіл бөледі, оның қорытындысы бойынша қызметшілердің құқықтарын қалпына келтіру туралы шаралар қабылдануда.

Ағымдағы жылы мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау желісі бойынша Департаментпен 10-ға жуық талдау жүргізіліп, олардың нәтижелері бойынша 64 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

Мысалы, демалыс беру және қызметшілерді іссапарға жіберу кезінде заңнама талаптарының сақталуына талдау қорытындысы бойынша Департаментпен қызметшілердің құқықтарын бұзу фактілері анықталды.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 57-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстар өтеледі. Бұдан басқа, қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларына сәйкес іссапарға кетер алдында іссапарға жіберілген қызметкерге жол ақысын төлеуге тиесілі сома, тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар және тәуліктік сома беріледі.

Өз кезегінде, Департамент жүргізген талдауда жалпы сомасы 243 700 теңгеге уақтылы төлемеудің 95 фактісі және іссапар шығыстарын төлемеудің 8 фактісі анықталды.

Бұдан басқа, Заңның 54-бабы 1-тармағының мемлекеттік қызметшілердің жыл сайынғы еңбек демалыстарын уақтылы төлемеу бойынша 33 бұзушылық анықталды.

Жүргізілген талдау қорытындысымен 48 қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді, атап айтқанда Департамент талаптарының негізінде қызметшілерге іссапар шығыстарының тиесілі сомалары және демалысқа жалпы сомасы 400 мың теңгеден астам уақытылы төлемегені үшін өсімпұл төленді.

Бұдан басқа, мемлекеттік органдардың тәртіптік практикасын талдау қорытындысы бойынша жаза қолдану туралы 10 заңсыз актінің күші жойылды.

Бұл жерде Заңның 9-бабының 14) тармағына сәйкес мемлекеттік қызметші оның пікірі бойынша негізсіз айыптар болған кезде қызметтік тергеп-тексеруді талап етуге құқылы екенін атап өткен жөн. Бұдан басқа, Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары, егер мемлекеттік қызметші жазбаша түсініктемесінде оған тағылған теріс қылықпен келіспеген жағдайда, мемлекеттік органдарды қызметтік тергеу тағайындауға міндеттейді.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, уәкілетті адамдар көрсетілген талаптарды ескермей, қызметтік тергеп-тексеру жүргізбестен, келісімі болмаған кезде қызметшілерге жаза қолданады, жекелеген жағдайларда және акт шығарар алдында жазбаша түсініктеме талап етпейді.

Жұмыс уақытының режимін сақтау мониторингі бойынша жүргізілетін жұмыстың қорытындысы бойынша 99 қызметшінің құқықтары қорғалды және қалпына келтірілді, осылайша 17 мемлекеттік органға бару қорытындысы бойынша 7 акт жасалды, оның негізінде 18 қызметшіге демалыс сағаттары берілді және 81 қызметшінің құқықтары есепке алуды бақылау жүйесінің мониторингі арқылы қалпына келтірілді.

Барлық қабылданған шаралар бізге еңбек бұзушылықтарының санын қысқартуға, сол арқылы мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Ануар Омаров,**
**ҚР МҚІА Ақмола облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы**

## В Акмолинской области защищены и восстановлены права свыше 200 служащих

Департаментом Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области подведены итоги деятельности за первое полугодие 2024 года в части восстановления нарушенных прав государственных служащих.

За анализируемый период Департаментом по итогам проведенных проверок и рассмотрения обращений были защищены и восстановлены права 44 государственных служащих, из них 39 – по итогам профилактических контролей в государственных органах и 5 - по итогам внеплановых проверок и обращениям граждан.

К примеру, на основании обращения участника конкурса на занятие вакантной административной государственной должности руководителя самостоятельного отдела одного из местных исполнительных органов Жаксынского района Департаментом была проведена проверка, в ходе которой установлены нарушения процедур конкурсного отбора, в связи с чем итоги конкурса были отменены, а виновные лица привлечены к административной ответственности.

В другом случае, служащий обжаловал акт о наложении дисциплинарного взыскания. Итоги проверки свидетельствовали о грубых нарушениях порядка наложения взыскания, в связи с чем Департаментом внесено обязательное к исполнению предписание об устранении выявленных нарушений и отмене неправомерно изданного акта.

Необходимо отметить, что Департаментом большое внимание уделяется и аналитической работе, по итогам которой также принимаются меры по восстановлению прав служащих.

В текущем году Департаментом по линии контроля в сфере государственной службы проведено порядка 10 анализов и по их результатам восстановлены права 64 государственных служащих.

К примеру, по итогам анализа соблюдения требований законодательства при предоставлении отпусков и направлении служащих в командировки, Департаментом установлены факты нарушений прав служащих.

Так, в соответствии с пунктом 1 статьи 57 Закона «О государственной службе Республики Казахстан», государственным служащим возмещаются расходы на служебные командировки.

Кроме того, согласно Правилам возмещения расходов на служебные командировки, командированному работнику перед отъездом в командировку выдается сумма, причитающаяся на оплату проезда, расходов по найму жилого помещения и суточные.

В свою очередь, проведенным Департаментом анализом установлено 95 фактов несвоевременных выплат и 8 фактов невыплаты командировочных расходов на общую сумму 243 700 тенге.

Кроме того, выявлено 33 нарушения пункта 1 статьи 54 Закона выраженных в несвоевременной оплате ежегодных трудовых отпусков государственным служащим.

По итогам проведенного анализа восстановлены права 48 служащих, в частности на основании требований Департамента служащим были выплачены причитающиеся суммы командировочных расходов и пеня за несвоевременную оплату отпуска на общую сумму более 400 тысяч тенге.

Кроме того, по итогам анализа дисциплинарной практики государственных органов отменено 10 незаконных актов о наложении взысканий.

Здесь следует отметить, что в соответствии с пунктом 14) статьи 9 Закона, государственный служащий вправе требовать служебного расследования при наличии безосновательных, по его мнению обвинений.

Кроме того, Правила наложения дисциплинарного взыскания на государственных служащих обязывают госорган в случае выражения служащим в письменном объяснении несогласия с вменяемым проступком назначать и проводить служебное расследование.

Однако, как показывает практика, уполномоченные лица без учета указанных требований, без проведения служебного расследования при отсутствии согласия налагают на служащих взыскания, в отдельных случаях и вовсе перед изданием акта не истребуют письменное объяснение.

По итогам проводимой работы по мониторингу соблюдения режима рабочего времени защищены и восстановлены права 99 служащих. Так, по итогам посещения 17 государственных органов составлено 7 актов, на основании которых 18 служащим предоставлены часы отгула, и права 81 служащего восстановлены посредством мониторинга системы контроля учета доступом, по результатам которого установлены факты их незаконного привлечения к сверхурочной работе.

Все принимаемые меры позволяют нам сократить количество трудовых нарушений, тем самым обеспечить реализацию зашиты прав и законных интересов государственных служащих.

**Ануар Омаров,**
**руководитель управления контроля в сфере государственной службы Департамента АДГС по** Акмолинской области

## Қашықтықтан бақылау нәтижесінде 363 қызмет алушының құқықтары сақталды

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті «Е-лицензиялау» жүйесінде қашықтықтан жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша 363 қызмет алушылардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етті. Осылайша, бұған дейін жер заңнамасы мен «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына елді мекендер шегінде орналасқан жер учаскелері бойынша мемлекеттік қызмет көрсету туралы өтініштерді жер комиссиясында қарау қажеттілігін жойған түзетулер енгізілді. Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту мүмкіндігі жергілікті сәулет және қала құрылысы бөлімдерінің қорытындысымен айқындалады.

Алайда, мониторинг барысында Атбасар, Шортанды, Сандықтау, Жарқайың, Зеренді, Целиноград, Есіл аудандарының, Көкшетау және Қосшы қалаларының әкімдіктері мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұза отырып, осындай өтініштерді жер комиссиясының отырыстарында қарауды жалғастырғаны анықталды. Жауапты лауазымды тұлғалар мұндай тәжірибені ақпараттық жүйеде азаматтардың өтініштерін сәулет саласындағы құрылымдық бөлімшелерге тікелей жолдау бойынша функционалдың жоқтығымен түсіндірді. Осыған байланысты, Департамент жергілікті атқарушы органдардың атына мемлекеттік қызметтер көрсету туралы өтініштерді жер комиссиясының отырысында қарау практикасын тоқтату, сондай-ақ «Е-лицензиялау» жүйесінде оның функционалын пысықтау қажеттігі туралы нұсқау енгізді. Нәтижесінде, 363 көрсетілетін қызметті алушының өтініштері әуре-сарсаңсыз, жер комиссиясының қатысуынсыз қаралды, 280 өтініш бойынша шешім қабылданды, қызмет алушылардың 16 кәсіпкерлік субъектілері.

## В результате дистанционного контроля обеспечено соблюдение прав 363 услугополучателей

Департаментом Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области по итогам дистанционного мониторинга в системе «Е-лицензирование» обеспечено соблюдение прав 363 услугополучателей. Ранее в земельное законодательство и в правила оказания государственной услуги «Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка» были внесены поправки, исключающие необходимость рассмотрения на земельной комиссии заявлений об оказании государственной услуги по земельным участкам, расположенным в пределах населенных пунктов. Возможность изменения целевого назначения земельных участков определяется заключением местных отделов архитектуры и градостроительства. Однако в ходе мониторинга установлено, что акиматы Атбасарского, Шортандинского, Сандыктауского, Жаркаинского, Зерендинского, Целиноградского, Есильского районов, городов Кокшетау и Косшы, в нарушение порядка оказания государственные услуги продолжали рассматривать такие заявления на заседаниях земельной комиссии. Ответственные должностные лица объяснили такую практику тем, что в информационной системе отсутствует функционал по направлению заявлений граждан напрямую в структурные подразделения в сфере архитектуры. В связи с чем, Департаментом в адрес местных исполнительных органов внесено указание о необходимости прекращения практики рассмотрения заявлений об оказании государственных услуг на заседании земельной комиссии, а также доработки в системе «Е-лицензирование» её функционала. В результате чего, заявления 363 услугополучателей рассмотрены без проявления волокиты и участия земельной комиссии. 280 гражданам выданы положительные решения, из которых 16 субъектов предпринимательства.

## МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫ КӘСІБИЛЕНДІРУДЕГІ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР

Мемлекеттік қызметшілердің парызы - халыққа бағдарланған мемлекеттік аппараттың тиімді жұмысын қамтамасыз етуде біртұтас механизм іспетті қызмет ету. Осынау жауапты қызметті абыроймен атқарып, ел үмітін ақтаудан және адал еңбегі үшін халықтың ризашылығына ие болудан артық дүние жоқтығын әрбір мемлекеттік қызметші жақсы түсінуі керек. Еліміздің мемлекеттік қызмет жүйесі ұзақ қалыптасу жолынан өтті. Осы күнге дейін қол жеткізген жетістіктерімізді, бағындырған шыңдарымызды мақтан етуге бәрімізің де құқығымыз бар. Біз ашықтықтың, сервистіліктің, ұтқырлық пен тұтынушыға бағдарланудың жаңа деңгейіне жеттік, цифрлы әрі бюрократиядан алшақ жүйеге көштік. Десе де, әлі алдымызда талай үлкен асулар мен ауқымды мақсат-міндеттер тұр. Әрбір мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрғыдан дамуы, халықтың әл-ауқатының артуы – бірінші кезекте осы кәсіби деңгейі жоғары мемлекеттік қызметшілерге байланысты. Сондықтан мемлекеттік қызметшілердің үздіксіз кәсіби және тұлғалық дамуына ерекше ден қойылады. Осы орайда мемлекеттік қызмет саласындағы қолданыстағы заңнамаға көптеген өзгерістер және толықтырулар енгізіліп, бүгінгі күні осы жаңашылдықтардың алғашқы нәтижелерін байқап отырмыз. Мәселен, мемлекеттік қызметке кіруді барынша жеңілдету және осы бағыттағы артық кедергілерді жою мақсатында Ақмола облысының жергілікті атқарушы және өкілдік органдарында, тексеру комиссиясында бос лауазымдарды жалпы конкурс арқылы иелену пилоттық режимде eqyzmet.gov.kz порталында онлайн іске асырылады. Конкурстық рәсімнің бұл форматы үміткерлерге әлемнің кез келген бұрышынан барлық кезеңдерде конкурсқа қатысуға мүмкіндік береді. «Е-қызмет» жүйесі барлық негізгі ақпараттық жүйелермен біріктірілген. Бұл мемлекеттік қызметке үміткерлерге құжаттарды жинаудан босатады. Үміткер туралы өзге ақпараттық жүйелерден ақпарат алу, оның соттылығын немесе өзге де құқық бұзушылықтарға қатыстылығын тексеру, біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау-мұның бәрін жүйе автоматты түрде өзі жүзеге асырады. Бүгінгі күнге дейін Ақмола облысында пилоттық режимде 584 конкурс жарияланды, олардың 451-і облыстық, аудандық, ауылдық әкімдіктерде, 127 - облыстық басқармаларда, 4 - аудандық мәслихаттарда, 2 - тексеру комиссиясында. 2024 жылдың 1 шілдесінен бастап пилоттық режим Ақмола облысы бойынша статистика, әділет, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінде, атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің аумақтық департаментінде енгізілетін болады. Мемлекеттік қызметке түсуді барынша жеңілдету мақсатында лауазымдарды конкурстан тыс тәртіпте иелену бойынша белгілі нормалар қабылданды. Атап айтқанда, жоғары оқу орындарын мемлекеттік грант есебінен үздік аяқтаған түлектер диплом алғаннан кейін бір жыл ішінде аудандық және ауылдық деңгейдегі кейбір мемлекеттік лауазымдарға конкурстан тыс тағайындалуы мүмкін. Бұл білікті жастарды мемлекеттік қызметке тартуға, жас мамандардың аудандар мен ауылдық өңірлерге оралуын ынталандыруға, сондай-ақ өңірлердегі кәсіби кадрлар тапшылығын төмендетуге ықпал етіп, мемлекеттік қызметке кіру процесін айтарлықтай жеңілдетіп отыр. Атап айтқанда, осы норма заңды күшіне енген уақыттан бері 15 түлек Ақмола облысының аудандық және ауылдық деңгейлеріндегі түрлі лауазымдарға конкурстан тыс тағайындалды. Уәкілетті органның келісімі бойынша конкурстық іріктеусіз «Б» корпусының жоғары лауазымдарына тікелей тағайындау мүмкіндігі берілді. Бұл өз кезегінде бірінші басшылардың өз қызметкерлері үшін жауапкершілігін күшейтеді. Мысалы, Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, сонымен қатар дене шынықтыру және спорт басқармаларының басшылары Агенттікпен келісу арқылы конкурстан тыс тағайындалды.
Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының жоғары үлгерімін көрсеткен түлектері оқуды бітіргеннен кейін бір жыл ішінде елорданы қоспағанда, жергілікті органдарға жекелеген лауазымдарға конкурстық іріктеусіз тағайындау қарастырылды. Мұндай тағайындаулар Ақмола облысы Есіл ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы және Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының бөлім басшысы лауазымдарына жүргізілді.
Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына уәкілетті органмен келісу бойынша конкурс өткізілместен орналаса алады. Мысалы, өкілеттік мерзімі аяқталған 3 ауыл әкімі Ақмола облысының Біржан сал және Атбасар аудандарында түрлі лауазымдарға конкурс өткізілместен орналасты.
Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілерге әлеуметтік қолдау көрсету және ынталандыру шараларына барынша көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, 2020 жылдың қазан айынан бастап ауылдық елді-мекендердегі мемлекеттік қызметшілердің тапшылығын жою, жас мамандардың әлеуметтік жағдайын арттыру мақсатында «Дипломмен ауылға» бағдарламасы мемлекеттік қызметшілер үшін де қолжетімді. Яғни, ауылдық жерде жұмыс істеп, тұруға келген мемлекеттік қызметшілерге көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілуде.
Әлеуметтік қолдау шаралары ауыл әкімдіктеріндегі бас мамандарға және жетекші мамандарға беріледі. 2020 жылдың қазанынан бастап бүгінгі күнге дейін осы бағдарлама шеңберінде бюджеттік несие түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары 50 мемлекеттік қызметшіге көрсетілді, оның ішінде 64 004 000 теңгеге тұрғын үй сатып алуға 14 бюджеттік несие және 14 463 600 теңгеге 44 көтерме жәрдемақы төленді. Бұл шара ауылдық деңгейдегі кадр тапшылығы мәселесін шешуге, жас мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға және мемлекеттік қызмет жүйесіне келетін жастардың легін арттыруға ықпал етуде. Қызметтік тұрғынжай болмаған жағдайда, басқа елді мекенге ротацияланған мемлекеттік қызметшілерге де үй жалдауға төлем енгізілді. Бұл қызметшілерді өңірлерге ротациялануға ынталандырады деген ойдамыз.
«Б» корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурс өткізілместен, ауысу тәртібімен орналасу қағидаларына бағалау нәтижесіне сәйкес төрт тоқсан бойы «функционалдық міндеттерін тиімді орындаған» мемлекеттік қызметшілердің келесі жоғары тұрған санаттағы лауазымға ауысу тәртібімен орналасу мүмкіндігі енгізілді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 2 мемлекеттік қызметші бағалау нәтижесіне сәйкес функционалдық міндеттерін тиімді орындағаны үшін жоғары тұрған лауазымға ауысу тәртібімен тағайындалды.
Жастарды, кәсіби мамандарды жеке сектордан кадрларды тарту мақсатында түрлі шаралар қабылданып, тиімді жобалар іске асырылуда. Мысалы, 2018 жылдан бері өңірімізде Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі жұмыс істейді. Оның миссиясы мемлекеттік қызметке талантты, сауатты, білімді, көшбасшылық қасиеттері бар жастарды тарту, оларға мемлекеттік органдарда жұмыс істеу дағдыларын игеруге мүмкіндік беру. Бүгінгі күнге дейін бұл мектепті 324 тыңдаушы аяқтады. Олардың қатарында Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің, Гуманитарлық-техникалық академияның түлектері бар. 2023 жылы мектептің жұмысында бірқатар өзгерістер орын алды. Атап айтқанда, мектепке іріктеу өңірдегі кадр қажеттілігі деңгейіне

байланысты болады. Сонымен қатар, мектепке іріктелу үшін студенттер эссе жазуы тиіс. Ал оқыту курстары енді ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы филиалымен жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылында мектепке 25 талапкер өтінім беріп, эссе жазу кезеңінен 17 түлек сәтті өтті. Қазіргі уақытта олар мемлекеттік тілді және ҚР заңнамасын білуіне тестілеуден өтуде. Тестілеуден сәтті өткен тыңдаушылар диплом алғаннан соң қызметтік жолын мемлекеттік қызметте жалғастырады деген жоспарымыз бар. Биылғы жылы алғаш рет өңірімізде өңірлік кадр резервіне іріктеу жүргізілуде. Бұл жоба арқылы аймақты дамытуға атсалысатын талантты және белсенді жастар арасынан жаңаша ойлайтын көшбасшылардың, жас басқарушылардың пулын қалыптастыру көзделуде.

Құжаттарды қабылдау кезеңінде өңірлік кадр резервіне іріктеуге қатысу үшін онлайн-порталда 389 адам тіркелді. Олардың ішінде 283 адам өтініш жіберсе, олардың 263-і іріктеудің келесі кезеңі – ҚР заңнамасын білуіне арналған тестілеуге жіберілді. Келесі кезең – жеке қасиеттерін бағалау кезеңіне 115 адам қатысты, оның нәтижесі бойынша 53 адам құзыреттерді бағалау кезеңіне өтті. Қазіргі уақытта құзыреттерді бағалау кезеңінің нәтижесі жасақталуда. Соңғы кезең – Өңірлік кадр комиссиясында әңгімелесуге 38 кандидат жіберіліп, нәтижесінде өңірлік кадр резервіне 25 маман іріктелуі тиіс. Өңірлік резервке іріктеп алынған кадрлар 2 жыл ішінде жергілікті атқарушы органдардағы сайланатын лауазымдарды қоспағанда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына тағайындалуы мүмкін. Жастардың арасынан өңірлік кадр резервіне үміткерлерді іріктеу біздің облыста индустрия және өнеркәсіп, экономика және қаржы, әлеуметтік сала, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және инфрақұрылым, агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары, цифрландыру секілді 6 салалық бағыт бойынша іске асырылуда. Президенттік жастар кадр резервінің мүшелерін Ақмола облысының жергілікті атқарушы органдарындағы басшылық лауазымдарға тарту бойынша жұмыстар жалғасуда. Бұл бағытта Департамент өкілдері облыс әкімі аппаратының персоналды басқару қызметімен бірлесіп, Президенттік жастар кадр резервіне алынған тұлғалармен кездесулер өткізіп, бос лауазымдар туралы өзекті ақпаратпен бөлісіп отырады. Сонымен қатар ағымдағы жылдың 24 ақпанында облыс әкімі Марат Ахметжанов Президенттік жастар кадр резерві мүшелерімен онлайн кездесу өткізіп, олармен облыстағы еңбек жағдайлары мен бос жұмыс орындары туралы мәселелерді талқылады. Аталған жұмыстың нәтижесінде жуырда Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі негізінде Бурабай ауданы әкімінің 2024 жылғы 22 мамырдағы өкімімен 2023 жылғы Президенттік жастар кадр резервінің өкілі Мерей Рамазан Бурабай ауданы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарға нақты бір жобаны атқару үшін уақытша келісімшарт бойынша жұмыскерді алуға мүмкіндік беріледі. Мұндай жұмыскерлер мемлекеттік лауазымдарды атқармайды және белгіленген уақытқа ғана алынатын болады. Бұл жаңашылдық Мемлекеттік басқаруды дамыту тұжырымдамасына сай енгізілуде. Қолданыстағы заңнамаға енгізілген тағы бір өзгерістердің бірі әкімдердің сайлауына қатысты болды. 2021 жылдың маусым айындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен Орталық сайлау комиссиясының бірлескен қаулысы негізінде аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдеріне кандидаттардың құжаттарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігі бойынша тексеру Агенттіктің сәйкестендірілген аумақтық Департаментімен іске асырылады. 2021 жылдан бері Департаментпен облыстық маңызы бар қалалар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдеріне 819 кандидаттың, ал 2023 жылы аудандар әкімдеріне 24 кандидаттың құжаттары тексерілді. Кәсіби мереке қарсаңында өңіріміздің ардақты мемлекеттік қызмет ардагерлерін ерекше құрметпен атап өту парызымыз. Олардың қатарында Марат Құлмағамбетов, Ғосман Төлеғұл, Валентина Козинская, Шынарбек Батырханов, Ермек Нұғыманов, Николай Политкин, Павел Трищ, Галина Ильяшенко, Ғалия Ташкина және тағы басқалары бар. Олар қазіргі уақытта облысымыздың қоғамдық өміріне белсенді араласып, өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, жастарды мемлекетімізге адал қызмет етуге баулуда. Мысалы, мемлекеттік басқарудың сабақтастығын, жергілікті мемлекеттік органдар басшыларының кәсіби бейімделуіне практикалық көмекті, өңірлік кадр құрамының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің бастамасымен өңірдегі мемлекеттік қызмет ардагерлері қатарынан Тәлімгерлер кеңесі құрылды. Оның құрамына төрағасы ретінде мемлекеттік қызмет ардагері, Ақмола облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Нұғыманов, мүшелері ретінде мемлекеттік қызмет ардагерлері - Марат Құлмағамбетов, Ақмола облысы «Демалыс және туризм индустриясының ассоциациясы» ЗТБ президенті, ҚР туризмінің құрметті қызметкері, профессор Шынарбек Батырханов, «Қоғамдық даму орталығы» КММ ақпараттық-талдау бөлімінің басшысы Ғалия Ташкина, ҚР Әділет органдарының құрметті қызметкері Павел Трищ кірді. Кеңестің жиындарына мемлекеттік органдардың жаңа тағайындалған басшылары шақырылып, бейіндік саланы дамытуға қатысты өз көзқарастарымен бөлісе отырып, жұмысына қатысты ұсынымдар алады. Бұл диалог алаңдары тәжірибе алмасу және тиімді шешімдер қабылдау тұрғысынан өте тиімді.

Жалпы, ұрпақтар сабақтастығы күн тәртібінен түспейтін толғамы терең мәселе. Оның сақталуы үшін аға буын өкілдері өзінен кейінгі ұрпақтың сұранысын түсінуі, елеп-ескеруі, ал, қазіргі цифрландыру заманында өзін суда жүзген балықтай сезінетін жас ұрпақ өзіне жүктелген миссияны дұрыс қабылдап, іске асыра алуы тиіс. Сондықтан мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған жас мамандарды одан әрі бейімдеу, кәсібилігін арттыру үшін олардың тәлімгерлерімен және мемлекеттік қызмет ардагерлерімен өзара байланысын қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіледі.

Қазіргі заманның мемлекеттік қызметшілері қоғамның сұраныстарын тиімді қанағаттандырып, әрбір азаматтың өмірін жақсартуға ықпал етуге талпынуы тиіс. Бұл үшін олар жоғары моральдық қасиеттерге, басқарушылық талантқа ие болуы, халыққа адал қызмет етуге, өздеріне міндеттемелер мен жауапкершіліктерді алуға дайын болуы тиіс. Осы орайда, өзіміздің жұмысымызды одан әрі іскерлікпен жалғастырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізуді көздейтін боламыз.

**Думан Әбілев,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы**

## Мемлекеттік қызметтегі әйелдердің үлесі артып келеді

Заманауи әлемде мемлекеттік қызметте болсын, өзге де өмірлік маңызды салаларда болсын әйелдердің орны айрықша екені белгілі. Гендерлік саясат қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Осы жерде гендерлік теңдіктің мемлекеттік қызметтің маңызды буыны екендігін атап өткім келеді. Біздің қоғамда жүргізіліп отырған гендерлік саясатқа сәйкес, қазақстандық даму жағдайында елміздегі әйелдер қауымына саяси және белсенді азаматтық ұстаным тұрғысынан барынша басымдық беріліп келеді. «Әке баласын тәрбиелейді, шеше ұлтты тәрбиелейді»,- деген мақал тегін айтылмаған. Қазіргі таңда, ашық және бәсекелестік тәртібінде мемлекеттк қызметке орналасу мүмкіндігін пайдаланып, өзіне сенімді және өз әлеуетін толыққанды іске асыру үшін көптеген қыздарымыз және тәжірибелі азаматшаларымыз мемлекеттік органдарда жігерлі қызмет атқаруда. Гендерлік теңдік мәселесіне келетін болсақ мемлекеттік қызметшілердің тең жартысынан көбі – әйелдер және бұл көрсеткіш жыл сайын артуда. Өңіріміздің мемлекеттік қызметіндегі бұл көрсеткіш қазір 65,2% құрап отыр. Мемлекеттік қызметтің басшылық лауазымдарында 434 әйел жұмыс істейді. Бұл жалпы басшылық құрамның 44,5% құрайды. Бұл көрсеткіш соңғы бес жыл ішінде бір қалыпта. Бүгінгі күні облысымызда әйел азаматшаларымыз мемлекеттік аппараттағы басшы лауазымдардың барлық санаттарында бар. Олар саяси қызметші, облыстық басқарма басшылары мен олардың орынбасарлары, қала аудан әкімдерінің орынбасарлары, аппарат басшылары, ауыл әкімдері, әртүрлі деңгейдегі бөлім басшылары. Бұл гендерлік саясатты заңнамалық деңгейде де, іс жүзінде де дәйекті іске асырудың арқасында мүмкін болды. Мәселен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы заңында мемлекеттік қызметке кіру кезінде қандай да бір, соның ішінде жынысына немесе кез келген өзге мән-жайларға байланысты кемсітушілікке жол берілмейді. Бұл ұстаным Қазақстан Республикасының Конституциясының нормаларынан туындайды. Сонымен бірге агенттік конкурстық рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін жүйелі және жоспарлы жұмыс жүргізуде, бұл мемлекеттік қызметке түсуге тең мүмкіндік жасаудың маңызды алғышарты болып табылады. Мемлекеттік қызметтегі мансаптық модель әйелдердің, оның ішінде бәсекелес және тең жағдайларда жоғары тұрған лауазымдарға орналасу мүмкіндігін арттырады. Заңнамаға енгізілген тағы бір жаңашылдық - мемлекеттік қызметке конкурссыз тағайындалу мүмкіндіктері. Атап айтсақ, жоғары оқу орындарын мемлекеттік грант есебінен үздік аяқтаған түлектер диплом алғаннан кейін бір жыл ішінде аудандық және ауылдық деңгейдегі кейбір мемлекеттік лауазымдарға конкурстан тыс тағайындалуы мүмкін. Бұл білікті жастарды мемлекеттік қызметке тартуға, жас мамандардың аудандар мен ауылдық өңірлерге оралуын ынталандыруға, сондай-ақ өңірлердегі кәсіби кадрлар тапшылығын төмендетуге ықпал етіп, мемлекеттік қызметке кіру процесін айтарлықтай жеңілдетіп отыр. Осы норма заңды күшіне енген уақыттан бері Ақмола облысында 15 түлек түрлі лауазымдарға конкурстан тыс тағайындалды. Бұл жас мамандардың барлығы әйелдер. Конкурстық рәсімдердің нәтижесінде мемлекеттік қызметшілер қатарына қосылған әйелдердің үлесі де артуда. Жалпы 2019 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін мемлекеттік қызметтің бос лауазымдарына өткізілген жалпы конкурстарға 5474 адам қатысты, оның шамамен жартысына жуығын немесе 48,3% әйелдер құрады. Ал, осы конкурстардың нәтижесі бойынша тағайындалғандардың 56% әйелдер. Биылғы жылы алғаш рет облысымызда өңірлік кадр резервіне іріктеу жүргізілуде. Бұл жоба арқылы аймақты дамытуға атсалысатын талантты және белсенді жастар арасынан жаңаша ойлайтын көшбасшылардың, жас басқарушылардың пулын қалыптастыру көзделуде.

Құжаттарды қабылдау кезеңінде өңірлік кадр резервіне іріктеуге қатысу үшін онлайн-порталда 283 адам өтініш беріп, соның ішінде іріктеудің келесі кезеңі – Қазақстан Республикасының заңнамасын білуіне арналған тестілеуге жіберілген 263 адамның 110-ы немесе 42% әйел азаматшалар.

Қазіргі уақытта құзыреттерді бағалау кезеңінің нәтижесі жасақталуда. Соңғы кезең – Өңірлік кадр комиссиясында әңгімелесуге

38 кандидат жіберіліп, нәтижесінде өңірлік кадр резервіне 25 маман іріктелуі тиіс. Өңірлік резервке іріктеп алынған кадрлар 2 жыл ішінде жергілікті атқарушы органдардағы сайланатын лауазымдарды қоспағанда «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына тағайындалуы мүмкін. Жастардың арасынан өңірлік кадр резервіне үміткерлерді іріктеу біздің облыста индустрия және өнеркәсіп, экономика және қаржы, әлеуметтік сала, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және инфрақұрылым, агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары, цифрландыру секілді 6 салалық бағыт бойынша іске асырылатын болады. Бүгінгі күні мемлекеттік қызметшілердің отбасылық және мансаптық міндеттерді қатар атқарып, бос уақытын тимді пайдалануына кең мүмкіндіктер қарастырылды. Икемді жұмыс кестесі енгізілді, әкелерге бала күту үшін берілетін демалыстарды танымал етуге назар аударылуда. Мемлекеттік қызметте еңбек уақытынан тыс жұмыс істеу қысқарды. Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институты белсенді жұмыс істеуде. Бұл ретте гендерлік тақырыпқа да назар аударылады.

**Райхан Братаева,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы**

## Іссапар шығындарының және еңбек демалысы ақысының уақытылы төленбеу фактілері анықталды

Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы Думан Әбілев мәлімдеді.

